

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті
Мәжілісінің депутаттарына

2026 жылғы 28 мамырдағы № ДЗ-173

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі пластикалық хирургия және эстетикалық медицина саласындағы жеке медициналық ұйымдарының қызметіне қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлайды.

Бүгінгі таңда республикада пластикалық хирургия қызметтері 295 медициналық ұйымда көрсетіледі, оның ішінде 247-сі жеке болып табылады.

2021 жылдан бері пластикалық хирургия саласында жоспардан тыс 92 тексеру жүргізілді. Тексеру шараларының нәтижелері бойынша лицензиялық және біліктілік талаптарын, медициналық көмек көрсету стандарттарын бұзудың көптеген фактілері, сондай-ақ тиісті рұқсат құжаттары болмаса да, медициналық қызметті жүзеге асыру деректері анықталды. Анықталған бұзушылықтар бойынша әкімшілік іс қозғалып, 89 бұзушылықты жою туралы нұсқама беріліп, 4,8 млн теңгеден астам сомаға әкімшілік айыппұл салынды.

Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігі Бас прокуратураға заңнамаға сәйкес пластикалық хирургия және эстетикалық медицина саласында кешенді тексеру жүргізу туралы ұсыныс енгізді. Бас прокуратура тарапынан келісілгеннен кейін, науқастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, медициналық көмек сапасы, сондай-ақ медициналық ұйымдардың кадрлық қамтамасыз етілуі мен жарақтандырылуы бойынша заңнама талаптарының сақталуына кешенді бағалау жүргізу жоспарлануда.

Бүгінгі күні медициналық көмек көрсету саласында мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында кешенді шаралар қабылдануда.

Бірінші. 2025 жылдың 14 шілдесінен бастап Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетіне медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында қадағалау функциясы - жедел әрекет ету шарасы берілген (денсаулық сақтау субъектісінің қызметін немесе медициналық қызмет түрлерін күнтізбелік 90 күнге дейін тоқтату, сондай-ақ клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты

болмаған жағдайда медицина қызметкерлерін күнтізбелік 30 күнге дейін жұмыстан уақытша шеттету). Ағымдағы жылдың 9 маусымына денсаулық сақтау субъектілеріне қатысты 71 жедел әрекет ету шарасы қолданылды.

Екінші. Қазақстан Республикасында медициналық көмек көрсету сапасын жетілдіру жөніндегі 2026–2030 жылдарға арналған кешенді жоспар бекітілді (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 11 мамырдағы № 161 қаулысы*), онда медициналық көмек көрсету сапасы мен қауіпсіздігін арттыру, медициналық көмек сапасын бақылау және сараптау тетіктерін жетілдіру, кәсіптік медициналық қоғамдастық пен пациенттердің рөлін күшейту бойынша іс-шаралар көзделген.

Үшінші. 2026 жылғы 12 шілдеден бастап барлық денсаулық сақтау субъектілерінде Ұлттық электрондық паспорт және Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық ресурстарымен интеграцияланған медициналық ақпараттық жүйенің болуы міндетті (*Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрінің 2026 жылғы 8 мамырдағы № 48 бұйрығы*).

Төртінші. Қазіргі таңда медициналық қызметпен айналысуға лицензия мерзімі шектелмей беріледі, енді лицензияның 5 жылдық қолданылу мерзімін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл шара медициналық ұйымдардың қауіпсіздігін, кадрлық қамтамасыз етілуін, жарактандырылуын және медициналық қызмет сапасына қатысты белгіленген талаптарды, оның ішінде пластикалық хирургия саласында, тұрақты негізде растауға мүмкіндік береді.

Бесінші. Денсаулық сақтау саласындағы жарнамаға бақылау жүзеге асырылады. Осылайша, 2021 жылдан бері медициналық қызметтерді жарнамалау туралы заңнаманы бұзу фактілері бойынша жалпы сомасы 15,7 млн теңгеден асатын (15762565 теңге) 100 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалды.

Сонымен қатар азаматтардың операциядан кейінгі асқынуға байланысты қызмет сапасына және қауіпсіздік мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде (287 материал жарияланды, оның ішінде 20-сы республикалық басылымдарда, 4-уі өңірлік газеттерде және 263-і интернет-ресурстарда, сондай-ақ әлеуметтік желілерде 1136 материал орналастырылды).

Жалпы мемлекеттік бақылауды күшейту және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз ету жұмыстары Үкіметтің тұрақты бақылауында.

О. Бектенов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДЗ-173 от 28 мая 2026 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев запрос по вопросам деятельности частных медицинских организаций в сфере пластической хирургии и эстетической медицины, сообщаю следующее.

На сегодня в стране услуги пластической хирургии оказывают 295 медицинских организаций, из которых 247 являются частными.

За период с 2021 года было проведено 92 внеплановые проверки в сфере пластической хирургии. По их результатам выявлены нарушения лицензионных и квалификационных требований, стандартов оказания медицинской помощи, а также факты осуществления медицинской деятельности без соответствующих разрешительных документов. В связи с этим возбуждены административные производства, выдано 89 предписаний об устранении нарушений, наложены административные штрафы на сумму более 4,8 млн тенге.

Наряду с этим Министерством здравоохранения инициировано предложение в адрес Генеральной прокуратуры о проведении комплексных проверок в соответствии с законодательством в сфере пластической хирургии и эстетической медицины. После согласования со стороны Генеральной прокуратуры планируется проведение комплексной оценки соблюдения требований законодательства по обеспечению безопасности пациентов, качества медицинской помощи, а также кадрового обеспечения и оснащенности медицинских организаций.

На сегодняшний день в целях усиления государственного контроля в сфере оказания медицинской помощи принят комплекс мер.

Первое. С июля 2025 года Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения наделен надзорной функцией – по применению мер оперативного реагирования (*приостановление деятельности субъекта на срок до 90 календарных дней, временное отстранение медицинских работников от работы на срок до 30 календарных дней*). По состоянию на 9 июня т.г. в отношении субъектов здравоохранения применена 71 мера оперативного реагирования.

Второе. Утвержден Комплексный план по совершенствованию управления качеством медицинской помощи в Республике Казахстан на 2026 – 2030 годы (*утвержден постановлением Правительства от 11 мая 2026 года № 161*),

которым предусмотрены мероприятия по повышению качества и безопасности медицинской помощи, совершенствованию механизмов контроля и экспертизы качества медицинской помощи, усилению роли профессионального медицинского сообщества и пациентов.

Третье. С 12 июля 2026 года вводится обязательное требование по наличию медицинской информационной системы, интегрированной с Национальным электронным паспортом здоровья и информационными ресурсами Министерства здравоохранения (*приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 8 мая 2026 года № 48*).

Четвертое. Проводится работа по внедрению 5-летнего срока действия лицензий на медицинскую деятельность вместо действующего бессрочного лицензирования. Данная мера позволит на регулярной основе подтверждать соответствие медицинских организаций установленным требованиям безопасности, кадрового обеспечения, оснащения и качества оказания медицинской помощи, в том числе в сфере пластической хирургии.

Пятое. Осуществляется контроль за рекламой в области здравоохранения. Так, за период с 2021 года по фактам нарушений законодательства о рекламе медицинских услуг составлено 100 протоколов об административных правонарушениях на общую сумму свыше 15,7 млн тенге (15762565 тенге).

Одновременно проводится информационно-разъяснительная работа в средствах массовой информации по вопросам безопасности и качества услуг по обращениям граждан по случаям послеоперационных осложнений (*опубликовано 287 материалов, в том числе 20 публикаций в республиканских печатных изданиях, 4 – в региональных газетах, 263 – на интернет-ресурсах, а также в социальных сетях размещено 1136*).

В целом работа по усилению государственного контроля и обеспечению качества оказываемых медицинских услуг находится на постоянном контроле Правительства.

О. Бектенов

*Исп. А. Бекжанова
Тел. 750005*